

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Алақаны ырысқа толады

**АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ ҚАЗАН АЙЫНЫҢ 8-9 КҮНДЕРІ
ІІМ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
АКАДЕМИЯСЫНДА АЙМАҚТЫҚ ІІД МЕН КӨЛІКТЕГІ
ІІД БАСТЫҚТАРЫНЫҢ ТЕРГЕУ БОЙЫНША ОРЫН-
БАСАРЛАРЫ ҚАТЫСҚАН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИЫН
ӘТКЕНІ ЖАЙЛЫ БҰДАН БҮРЫН Да ХАБАРЛАҒАН
БОЛАТЫНБЫЗ. («ТЕРГЕУ САЛАСЫНЫҢ ТЫҢ ТЕХ-
НОЛОГИЯСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ» №76, 16 ҚАЗАН 2012
ЖЫЛ).**

Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Қалмұханбет Қасымов, Ішкі істер министрінің орынбасары, қаржы полициясының генерал-майоры Ерлік Кененбаев, Тергеу комитетінің төрағасы, полиция полковнігі Марат Қожаев бастаған бір топ офицерлер ресми кездесулерден кейін Академия тыныс-тіршілігімен танысып, онда білім алғып жатқан тыңдаушылармен жүздескен еді.



Үрым қылғанның ықыласы болады,

Кездесу кезінде оқу орны жатақханасын аралып шыққан қонақтардың бірі, осы Академияның тулеғі – полиция полковнігі Марат Қожаев кезінде өзі білім алған төрт жылда екінші үйіне айналған оқу ошағын ыстық ықыласпен есіне алғып, тіпті, өзі жатқан төсек-орнын да таныған еді. Үрымдап, төсек-орынның бүгінгі «иесінің» жастығының астына ақша да тастап кеткен-тін. Ал, бүгінде комитет төрағасының орны 2-курс тыңдаушысы Ержан Жолдасовқа «бұйырған» еken. Жедел-іздестіру қызметі бойынша білім алғып жатқан Ержан бұл сәйкестікті жақсыға жоритынын жасырмады. «Бала кезімнен тәртіп сақшысы болуды армандаға естім, – дейді ол. – Шым-шытырық оқиғаға толы кітаптарды жастаңып оқытынмын. Бүгінде міне, арман жолымның бір шыңын бағындырып, ІІМ-нің Қарағанды Академиясында білім алғып журмін. Ал, Тергеу комитетінің төрағасы Марат Шадетханұлы ағамның орнын басқаным жақсылықтың нышаны шығар. Кім білсін, болашақта мен де сол кісідей бір саланың тізгінін ұстаған білікті маман атанармын».

Алматы облысына қарасты Іле ауданының тұмасы Ержан Ермекұлы бүгінде небәрі 19 жаста. Оқу орнында мінезінің салмақтылығымен ерекшеленетін Ержанға ұстаздары «тәртіп пен тазалықты қатаң сақтайтын тыңдаушы» деп баға берді.